

**Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігі Төрағасының 2025 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 88-н/қ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Атом энергиясы жөніндегі агенттігінің
2025 – 2029 жылдарға арналған даму жоспарының іске асырылуы туралы есеп
Есеп беру кезеңі: 2025 жыл**

1. Нысаналы индикаторларға қол жеткізу және іс-шараларды/жобаларды орындау

№	Атауы	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны	Көрсеткіш / қаржыландыру көлемі			Қол жеткізу/орындау / игеру туралы ақпарат (қол жеткізбеу / орындамау/игермеу себептерімен)
						Жоспар	Факт	Қол жеткізу / орындау / игеру	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Өзге жоспарлау құжаттарын, мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді іске асыру және (немесе) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді ұсыну									
Бағыт. Атом өнеркәсібі, энергетика, ғылым және технология									
Мақсаты: Қазақстан Республикасының атом саласын дамытуды қамтамасыз ету									
1)	1-нысаналы индикатор Уран өндірудің нақты көлемінің индексі	әкімшілік деректер	%		-	100	111,5	111,5%	Қол жеткізілді Жоспар бойынша уран өндірудің нақты көлемінің индексі өткен жылға 100%, нақты орындалуы 2025 жылы 111,5%, қол жеткізу үлесі +11,5%. Өндірістік қызметте оң үрдіс байқалады. Уран өндірудің нақты көлемі алдыңғы кезеңмен салыстырғанда +11,5% - ға өсті. Нысаналы индикатор (жоспар) 111,5% орындалды. Өндірістің физикалық көлемінің өсуі әлемдік уран бағасының өсу үрдісімен сәйкес келді.

1	<p>Іс-шара Жер қойнауын пайдаланушылардың уран өндіру бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындауының мониторингі</p>	<p>жер қойнауын пайдаланушылардың деректері</p>	<p>саны млн. теңге</p>	2025	АЭА басшылығының атына ақпарат	1 -	1 -	100% -	<p>Орындалды Жер қойнауын пайдаланушылардың уран өндіруге арналған 21 келісімшарт бойынша 2023-2024 жылдардағы келісімшарттық міндеттемелерді орындауына мониторинг қорытындысы бойынша төраға орынбасары А.К. Махамбетовтың атына қызметтік жазба жолданды (25.12.2025 ж. № 14-01-1/600-вн.).</p>
2)	<p>2-нысаналы индикатор Атом ғылымы мен техникасы саласындағы ғылыми өнімділік деңгейі</p>	<p>әкімшілік деректер</p>	<p>2020 жылғы деңгейден бір рет</p>	2025		2,6	2,6	100 %	<p>Қол жеткізілді 2025 жылы атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 39 ғылыми әзірleme әзірленді, бұл 2020 жылғы деңгейден 2,6 есе көп (2020 жылы атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 15 ғылыми әзірleme).</p>
2	<p>Іс-шара «Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру</p>	<p>«ҚР ҰЯО» ШЖҚ РМК деректері</p>	<p>саны млн. теңге</p>	2025	Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп	1 676,834	1 676,834	100 % 100 %	<p>Орындалды «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» РМК 2025 жылғы № BR24792713 ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп берді. Мемлекеттік ғылыми техникалық сараптама</p>

									қорытындысы бойынша мүмкін болған 27 баллдан 27 балл алынды. Ұлттық ғылыми кеңес шешімімен 2025 жылғы ғылыми зерттеу жұмысы туралы есеп мақұлданды (2025 жылғы 17–26 желтоқсанда өткен № 11 отырыс хаттамасынан № 9 үзінді).
3	Іс-шара «Қазақстандық КТМ материалтану токамағындағы эксперименттік зерттеулерді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру	деректер «ҚР ҰЯО» ШЖҚ РМК	саны млн. теңге	2025	Ғылым и- зерттеу жұмыс ы туралы есеп	1 312,783	1 312, 783	100 % 100 %	Орындалды «Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы» ШЖҚ РМК 2025 жылғы № BR23891779 ҒЗЖ бойынша есеп дайындады. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысы бойынша мүмкін болған 27 баллдан 26 балл алынды. 2025 жылға арналған ғылыми зерттеу жұмысы бойынша есеп Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен мақұлданды (2025 жылғы 17–26 желтоқсанда өткен № 11 отырыс хаттамасынан № 7 үзінді).
4	Іс-шара		саны	2025		1	1	100 %	Орындалды

	«Қазақстанның үдеткіш кешендері негізінде ядролық және радиациялық физика саласындағы кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру	«ЯФИ» ШЖҚ РМК деректері	млн. теңге		Ғылым и-зерттеу жұмысы туралы есеп	324,000	324,000	100 %	«Қазақстан Республикасының Ядролық физика институты» ШЖҚ РМК 2025 жылғы № BR23891530 ғылыми зерттеу жұмысы бойынша есеп берді. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысы бойынша мүмкін болған 27 баллдан 25 балл алынды. 2025 жылға арналған ғылыми зерттеу жұмысы бойынша есеп Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен мақұлданды (2025 жылғы 17-26 желтоқсанда өткен № 11 отырыс хаттамасынан № 7 үзінді).
5	Іс-шара «Қазақстан экономикасын инновациялық жаңғырту үшін ядролық-физикалық әдістер мен технологияларды дамыту» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру	«ЯФИ» ШЖҚ РМК деректері	саны млн. теңге	2025	Ғылым и-зерттеу жұмысы туралы есеп	1 215,000	1 215,000	100 % 100 %	Орындалды «Қазақстан Республикасының Ядролық физика институты» ШЖҚ РМК 2025 жылғы № BR23891691 ҒЗЖ бойынша есеп дайындады. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысы бойынша мүмкін болған 27 баллдан 25 балл алынды. 2025 жылға арналған ғылыми

									зерттеу жұмысы бойынша есеп Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен мақұлданды (2025 жылғы 17–26 желтоқсанда өткен № 11 отырыс хаттамасынан № 7 үзінді).
6	Іс-шара «ВВР-К зерттеу реакторында радиациялық материалтану, конструкциялық материалдар, наноматериалдар саласындағы жаңа ғылыми зерттеулерді дамыту» ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру	жеткізушінің деректері («ЯФИ» ШЖҚ РМК)	саны млн. теңге	2025	Ғылыми зерттеу жұмысы туралы есеп	1 300,000	1 300,000	100 % 100 %	Орындалды «Қазақстан Республикасының Ядролық физика институты» ШЖҚ РМК 2025 жылғы № BR20081011 ғылыми зерттеу жұмысы бойынша есеп дайындады. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама қорытындысы бойынша мүмкін болған 36 баллдан 33 балл алынды. 2025 жылға арналған ғылыми зерттеу жұмысы бойынша есеп Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен мақұлданды (2025 жылғы 17–26 желтоқсанда өткен № 11 отырыс хаттамасынан № 4 үзінді).
3)	3-нысаналы индикатор Төтенше радиациялық қауіпті аймаққа жатқызылған тексерілген аумақтардың деңгейі	әкімшілік деректер	%		-	48,29	48,29	100%	Қол жеткізілді 2025 жылы 1 315 км ² кешенді экологиялық тексеруге жататын жалпы алаңнан төтенше

								радиациялық тәуекел аймағына жатқызылған 635 км ² аумақ зерттелді, сондықтан төтенше радиациялық тәуекел аймағына жатқызылған зерттелген аумақтардың деңгейі 48,29% немесе 100% құрады.
7	Іс-шара Долон ауылдық округі кешенді экологиялық тексеру жөніндегі жұмыстарды іске асыру	деректер «ҚР ҰЯО» РМК	км ² млн. теңге		есеп	635 121,850	635 121,850	1315 км ² жалпы ауданнан – 635 км ² аумағы Орындалды Кешенді экологиялық зерттеу шеңберінде: – қоршаған ортаның 735 сынамасын (топырақ – 684, су – 30, ауа аэрозольдері – 7, өсімдіктер – 7, биологиялық сынамалар – 7) іріктеу бойынша далалық жұмыстар жүргізу. Әрбір сынама алу нүктесінде эквивалентті дозасының қуатының радиациялық параметрлері және бета-бөлшектер ағынының тығыздығы өлшенді. – топырақта, суда, өсімдіктерде және ауа ортасында ¹³⁷ Cs, ²⁴¹ Am, ⁹⁰ Sr, ²³⁹⁺²⁴⁰ Pu, ³ H техногендік

									радионуклидтердің меншікті белсенділігінің мәндерін анықтау бойынша зертханалық жұмыстар (1054 гамма-спектрометриялық талдау). аудан аумағы 635 км ² болатын 26 радиациялық карта әзірленді.
	<i>Қаржылық ресурстар</i>		млн. теңге			1 950,467	1 950, 467	100 %	
	<i>оның ішінде РБ қаржыландыру көздері бойынша...</i>					1 950,467	1 950, 467	100 %	
	<i>Құрылған жұмыс орындарының саны</i>					-	-		
	Жоспарлаудың өзге құжаттарын, функцияларды іске асырылуына қаржылық ресурстарының ЖИЫНТЫҒЫ		млн. теңге			1 950,467	1 950, 466	100 %	
	<i>оның ішінде РБ қаржыландыру көздері бойынша</i>					1 950,467	1 950, 467	100%	
	ҚАРЖЫЛЫҚ РЕСУРСТАР ЖИЫНЫ		млн. теңге			7 677,933	7 677, 931	100 %	
	<i>оның ішінде қаржыландыру көздері бойынша...</i>		млн. теңге			1 282,530	1 282, 528	100 %	
	Құрылған жұмыс орындарының жиынтық саны					-	-		

2. Талдамалық жазба

1. «Уран өндірудің нақты көлемінің индексі» нысаналы индикаторы

2025 жылдың қорытындысы бойынша уран өндірудің нақты көлемінің индексі жоспардан 111,5% немесе 11,5% жоғары болды (жоспар – өткен жылдың деңгейіне 100%).

«Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ уранның жалпы әлемдік бастапқы өндірісінің шамамен 21% - қамтамасыз ете отырып, әлемдік көшбасшы мәртебесін растайды.

Өндірістің физикалық көлемінің өсуі тұрақты сұраныспен қамтамасыз етілген. Жыл қорытындысы бойынша уранның ұзақ мерзімді бағасы 86.50 \$/фунтты құрады (өткен жылдың деңгейіне +7%).

2025 жылы сараптау комиссиясының 6 кеңесі өткізілді, онда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға міндеттемелерді ұлғайту қаралды, сондай-ақ есепті кезеңде жер қойнауын пайдаланушылардың уран өндіру бөлігінде жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындауына мониторинг жүргізілді. Мониторинг нәтижелері бойынша жер қойнауын пайдаланушыларға хабарламалар жіберілді.

Уран өндіру көлемі бойынша нысаналы индикаторға қол жеткізу өндірістік көрсеткіштердің тұрақты оң серпінін көрсетеді. Бұл тәсіл бюджеттік түсімдердің тұрақтылығына кепілдік бере отырып және әлемдік энергетикалық жүйеде мемлекеттің стратегиялық мәртебесін нығайта отырып, елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайға оң әсер етеді.

2. «Атом ғылымы мен техникасы саласындағы ғылыми өнімділік деңгейі» нысаналы индикаторы

2025 жылдың қорытындысы бойынша «атом ғылымы мен техникасы саласындағы ғылыми өнімділік деңгейі» НИ 100% - ға жетті. 2025 жылы атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 39 ғылыми эзирлеме эзирленді, бұл 2020 жылғы деңгейден 2,6 есе көп (2020 жылы атом ғылымы мен техникасы саласында пайдалануға дайын 15 ғылыми эзирлеме эзирленді).

Нысаналы индикаторға қол жеткізу мақсатында 5 ғылыми-техникалық бағдарлама шеңберінде ғылыми зерттеулер жүргізілді: «Қазақстан Республикасында атом энергетикасын дамыту», «Қазақстандық КТМ материалтану токамагындағы эксперименттік зерттеулерді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету», «Қазақстанның үдеткіш кешендері негізінде ядролық және радиациялық физика саласындағы кешенді ғылыми зерттеулерді дамыту», «Қазақстан экономикасын инновациялық жаңғырту үшін ядролық-физикалық әдістер мен технологияларды дамыту» және «ВВР-К

зерттеу реакторында радиациялық материалтану, конструкциялық материалдар, наноматериалдар саласындағы жаңа ғылыми зерттеулерді дамыту». Аталған бағдарламалар «Атом энергетикасы саласындағы технологиялық сипаттағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» бюджеттік кіші бағдарламасы аясында іске асырылуда.

Барлық іс-шаралар күнтізбелік жоспарларға сәйкес толық көлемде орындалды, жоспарланған көрсеткіштерге 100% қол жеткізілді.

2025 жылы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру ғалымдар мен мамандардың ғылыми-техникалық бағдарламаларға қатысуын арттыруға мүмкіндік берді (709 адамның жұмыспен қамтылуы қамтамасыз етілді), сондай-ақ аталған бағдарламалар шеңберінде зерттеулер жүргізу үшін материалдық-техникалық базаны жақсартуға ықпал етті (112 бірлік жабдық сатып алынды). Осы кіші бағдарлама аясында ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру барысында бюджетке түскен салықтардың жалпы сомасы 161 662,56 мың теңгені құрады.

Экономикалық әсері: Атом энергиясын пайдалану саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындау атом энергетикасында, материалтануда, медицинада, өнеркәсіптің түрлі салаларында қолданылатын ғылымды қажетсінетін ядролық және радиациялық технологиялардың негізін жасауға, сондай-ақ бұрынғы ядролық полигондардың аумақтарының ластануымен байланысты экологиялық проблемаларды шешуге ықпал етеді.

Ғылыми іс-шараларды жүзеге асыру Қазақстанның ғылыми-техникалық әлеуетін дамытуға және оның атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында құзыретті мемлекет болып қалуына мүмкіндік береді, оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырады, халықтың өмір сүру сапасын жақсартады.

Аталған нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаларды іске асыру «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына, аккредиттелген ғылыми ұйымдардың ғылыми, ғылыми-техникалық инновациялық қызметті жүзеге асыру, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу құқығы бөлігінде сәйкес келеді.

Әлеуметтік әсері: Ғылыми зерттеулердің нәтижесі атом саласында, медицина мен өнеркәсіпте ядролық ғылымды, ядролық және радиациялық технологияларды пайдалану мүмкіндігін кеңейтуге, сондай-ақ атом саласының ғылыми-технологиялық базасы мен зияткерлік әлеуетін жоғары деңгейде ұстап тұруға ықпал етеді.

Радиофармацевтикалық препараттардың жаңа үлгілерін әзірлеу және оларды еліміздің клиникаларында пайдалану шетелде жүргізілетін ем алуға шығыстарды азайтуға және тұрғындарымыз үшін қатерлі ауруларға жоғары тиімді терапияда қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесіне экономикалық жүктемені азайтуға ықпал ететін болады.

Қазақстандық КТМ материалтану токамагындағы эксперименттік зерттеулерді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету Қазақстанға әлемнің технологиялық тұрғыдан неғұрлым дамыған, неғұрлым перспективалық және қауіпсіз энергетикалық

технологиясы – басқарылатын термоядролық синтезі бар және оны дамытып отырған елдерінің қатарында болуға мүмкіндік береді.

Экологиялық әсері: орнықты экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін қажетті ауқымда энергия өндіру өзекті міндет және Қазақстанның «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі өз тұжырымдамасын ойдағыдай жүзеге асыру факторларының бірі болып саналады. Органикалық отынды тұтынуды азайту және парниктік газдар шығарындысын азайту – атом энергетикасының басты артықшылығы. Осы кіші бағдарламаны орындау атом ғылымы мен техникасы, радиоэкология және геофизика саласындағы қауіпсіздік деңгейін арттыру, пайдаланылған ядролық отын санын азайту, ықтимал радиациялық қауіпті объектілер орналасқан жерлердегі экологиялық жағдайды бақылау, ядролық қару компоненттерінің бақылаусыз таралуын болдырмау сияқты міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін өзекті ғылыми міндеттерді шешуге бағытталған.

«Энергия, озық материалдар және көлік» бағыты бойынша Ұлттық ғылыми кеңестің шешімімен мақұлданған және Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптамадан жоғары балл алған 2025 жылы іске асырылған ғылыми-техникалық бағдарламалар бойынша бес есеп дайындалды.

3. «Төтенше радиациялық қауіпті аймаққа жатқызылған тексерілген аумақтардың деңгейі» нысаналы индикаторы

2025 жылы 48,29% (1315 км² жалпы ауданнан – 635 км² аумағы) құрады. Нысаналы индикатор жетістігі 100 % құрады.

Долон ауылдық округі аумағының төтенше радиациялық қауіпті аймақтарға жатқызылған жалпы ауданы 635 км² бөлігін кешенді экологиялық тексеру орындалды.

Кешенді экологиялық зерттеу шеңберінде төтенше радиациялық қауіпті аймақтарға жатқызылған аумақтардағы топырақ және өсімдік жамылғысының, су және ауа ортасының, жануарлар дүниесінің радиациялық жай-күйі туралы деректер алынды.

Алынған мәліметтер негізінде Долон ауылдық округі аумағының бір бөлігін кешенді экологиялық зерттеу материалдары дайындалды.

Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Долон ауылдық округі аумағының зерттелетін бөлігінде (ауданы 635 км²) ядролық қаруды сынау нәтижесінде пайда болған техногендік радионуклидтердің орташа жылдық тиімді дозасының мәні жылына 0,3 мЗв аспайтыны анықталды.

Аумақтардың экологиялық жағдайын бағалау критерийлеріне сәйкес Долон ауылдық округі аумағының зерттелетін

бөлігі халық үшін радиациялық қауіп төндірмейді.

Аталған іс-шара аясында жұмыстарды орындауға 117 адам қатысты. Іс-шараны іске асыру нәтижелері бойынша бюджетке салық аударымдарының жиынтық көлемі 24 749 мың теңгені құрады, бұл жобаны іске асырудың оң әлеуметтік-экономикалық әсерін көрсетеді.

Барлық жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге және қосымша қажеттіліктердің болмауына байланысты қаржыландыру көлемін түзету талап етілмейді.

**Қазақстан Республикасы Атом энергиясы
жөніндегі агенттігінің Төрағасы**



А. Саткалиев